



АЛТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№33 (95) 15 тамыз 2025 жыл

Заманының заңғарына-180!

ХАКІМ АБАЙ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 10 тамыз «Абай күні» болып белгіленген болатын. Биыл бар әлемге нұрын шашқан Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы республика көлемінде кеңінен тойлануда.

Соның жарқын көрінісіндей 10 тамыз күні Қонаев қаласындағы Абай ескерткіші алдында салтанатты іс-шараға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев бастаған облысымыздың зиялы қауым өкілдері, қалалық ардагерлер мен аналар кеңесінің ұйымдары, этномәдени орталықтардың қоғамдық бірлестіктердің өкілдері мен қала тұрғындары қатысып, гүл шоқтарын қойып, тағзым жасады.

«Мерейтойлық бағдарламада Алматы облысының ерекше сыйы да орын алды. Ұлы ақынның 180 жылдығына орай Алматы облысы Абай еліне «Алтын адам» мүсінін тарту етеміз. Бұл қадам – құрмет пен достықтың белгісі, сондай-ақ екі өңір арасындағы рухани байланысты нығайтудың басты символы болады.

Абай облысында мерейтойға орай Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері СекенТұрысбековтің жетекшілігімен «Ақжауын» мемлекеттік камералық оркестрі және Алматы облысы әртістерінің қатысуымен «Абай жолы» атты



үлкен рухани концерт берді. Бұл шара көрермендер үшін ұлы ақын шығармашылығы әлеміне жасалған үлкен рухани саяхатқа айналды.

«Абай – қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлем тамсана қарайтын ұлы тұлға. Оның сөзі бүгінде бар халықты шабыттандырып, кемелдендіреді. Біз алдағы уақытта да Абай шығармашылығын жастар арасында кеңінен насихаттай береміз», – деді Алматы облысының әкімі

Марат Сұлтанғазиев өзінің құттықтауында.

Сүйінбай атындағы филармония әншілері Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», Қуаныш Шакиров пен Азиза Әбібашар «Бойы бұлған» әндерін орындады.

«Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы – Қазақстанның мәдени, рухани және тарихи өміріндегі маңызды оқиға. Оның шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына негіз болды, ал философиялық идеялары халықтың рухани дамуына терең әсер етті. Абайдың өсиеттері мен идеялары бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Сондықтан ұлы ақынның мұрасын зерделеу, сақтау және насихаттау – әрбір азаматтың борышы», – деді бізбен әңгімесінде Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов.

Заманынан оза туып, ұлтымыздың даңқты перзентіне айналған хәкім Абайдың 180 жылдық мерейтойына арналып жыл басынан бері Алматы облысы өңірлерінің 119 мәдениет үйі мен 144 кітапханасында, 15 музейінде 30 мыңға жуық адамның қатысуымен 146-ға тарта кездесу, концерт, көрме және әдеби акциялар ұйымдастырылды.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Мерей

Ұрпағы ұлықтаған жан

Мынау жарық дүниеде өмірге келіп, бар мәнді де мағыналы ғұмырын еңбекке арнаған жүздері жарық, мерейлері мен мәртебесі биік жандар жетерлік. Сондай тұлғалардың бірі де бірегейі, қажыр-қайратын қара нардай елге жұмсап, адал еңбегінің арқасында еңбектің өріне, құрметтің төріне көтерілген Матан Рахымбергенұлы деп білемін.

Матан Рахымбергенұлы 1950 жылы дүние есігін ашқан. 1968 жылы қазіргі Тұрар Рысқұлов ауылында сегіз жылдық ауыл мектебін бітіріп, Талғар қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №2 –ші қазақ орта мектебінің интернатына қабылданып, 9-шы сыныптан оқуын жалғастырады. Оқумен қатар жанадан ашылған грек-рим күресінің үйірмесіне қатысады. Үйірме жетекшісі Анатолий Федорович Никифоровтың көзіне түсіп, жыл аяғында Целиноград қаласында өткен республикалық жарыста жеңімпаз атанады. Араға бір жыл салып, Павлодар қаласында өткен тағы бір жарыста спорт шеберлігіне кандидаттық нормасын орындайды.

Дәл осы жылы мектепті аяқтап, спорттағы жаттықтырушысының ұсынысымен Алматыдағы денешынықтыру институтына құжаттарын тапсырады. Емтихан қорытындысын көрген комиссия мүшелері бірауыздан, конкурсыз, Киев пен Омск қалаларындағы дене шынықтыру институттарының біреуін таңдауды ұсынады. Жастайынан ақылмен дос болған Матан ағамыз Омск қаласындағы оқу орнын таңдайды. Институт қабырғасында СССР-дың еңбек сіңірген жаттықтырушысы Василий Викторович Громыконың қарамағында жаттығып жүріп көптеген республикалық турнирлердің жеңімпазы, екі дүркін Россияның чемпионы болып, СССР-дің спорт шебері аттанды. 1973 жылы



оқуын бітіріп, «Жаттықтырушы ұстаз» мандығын алып, елге оралды.

Сол жылы Талғар қаласындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне жаттықтырушы болып жұмысқа орналасты. Тірнектеп жиған білімі мен тәжірибесінің арқасында талай шәкірттерді даярлап, күрес әлемінің көкжиегіне самғатты.

Шәкірті Айваз Кочиев-жастар арасында әлем

чемпионы атанып, ұзақ жылдар бойы өзінің салмақ дәрежесінде чемпиондық титулын түрлі халықаралық жарыстарда дәлелдеп жүрді. Ерен еңбегі үшін Матан Рахымбергенұлына «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді.

Талғар ауданында спорттың дамуына сіңірген еңбегі ескеріліп, Талғар аудандық спорт мектебін, аудандық спорт комитетін және облыстық спорт мектебін басқару жұмыстары ағамызға сеніп тапсырылды. Спорттағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі және ұжыммен жұмыс істеу стилі, ұйымдастыру қабілеті ескеріліп, Талғар ауданындағы Тұрар Рысқұлов ауылында орналасқан №16-шы қазақ орта мектебіне директор болып тағайындалады. Осы мектепті ширек ғасыр басқарып, құрметті демалысқа шықты.

Бүгінгі таңда Талғар ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқаруда.

Уақыт дейтін ұлы мүмкіндіктің қадірін мақсатымен өміршең ете білген ағамыздың еңбегі еленіп, абыройы артып, Талғар аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. Талғар ауданының Құрметті азаматы, «Алтын қыран» және басқа да мерекелік төс белгілерінің иегері атанды.

Матан Рахымбергенұлы өмірінің өн бойында адалдық дейтін арда қасиетті қастерлеп, елімен етене ғұмырында ешкімнің ала жібін аттаған емес. Қарапайымдылығында қадірі, қанағатшылдығында қасиеті тұнып, кісіліктің жейдесін кірлетпей өмір сүруде.

Асыл жар, 6 баланың сүйеніші, 23 немере мен 3 шөберенің абыздай ардақты атасы жеті асудың бел ортасы саналған 75 жасқа толып отыр. Мерей той құтты болсын, аға!

Әулетіңіздің тамыры терең бәйтеректей тірегі болып ортамызда жүре беріңіз, деніңіз сау, тірлігіңіз қуаныш пен қызыққа толы болсын деп тілейміз.

Өз тілшімізден.
Талғар ауданы.

Апта жаңалықтары

Шығармашылығы насихатталды

Балқаш аудандық кітапханасында ардагерлердің қатысуымен «Ақыл-ойды іздесен, Абайды оқы, ерінбе» атты тақырыпта дөңгелек үстел басында кездесу өткізілді.

Бұл кездесуге аудан жастары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі мүшелері қатысты. Бұл шараның мақсаты-Абайдың шығармашылығын насихаттау. Сонымен қатар, Абай дүниесіне балалардың ойын терең үйіліп, түсіндіріп, адал азамат тәрбиелеуге бағыттау. Балалардың бойына рухани құндылықтарды сіңіруге ықпал ету. Жас буынды өз елін, жерін сүйетін, өзін сыйлайтын, халқын сыйлайтын, елге пайдасы тиетін азат қылып өсіруге атсалысу.

Жастардың айтуынша, Абайдың 180 жылдық мерейтойы — тек бір ақынның жылдығы емес, ол бүкіл қазақ халқының рухани мұрасын қайта бағалап, оның терең философиясын бүгінгі күн тұрғысынан түсінуге жасалынған ерекше мүмкіндік. Қатысушылар ұлы ақынның қара сөздерін оқып, өлеңдерін жатқа айтты. Абайдың ғұмыры-өткенді еске алу ғана емес, болашаққа бағдар жасап, елімізді одан әрі дамытудың негізін қалауға күш салуымызды талап ететін бірегей уақыт. Еліміздің мәдениеті мен тарихына құрмет көрсетіп, ұлт рухани-ятын дамыту бағытындағы маңызды қадам. Абай шығармалары әлі талай ғасырларға жететін азық болары сөзсіз.

Жүректерге жол тапқан кеш

8 тамыз күні Береке ауылдық мәдениет үйінде қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, ойшылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған “Абай мұрасы” атты әдеби-сазды кеш өтті.

Шараның мақсаты Абайдың асыл сөздері мен өшпес өнерін насихаттап, жас ұрпақтың рухани дүниесін байыту, ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеу еді.

Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі “Абай мен болыс” атты сахналық көрініс болды. Онда сол дәуірдегі болыс-билердің елді қанауы мен паракорлық мәселесі шынайы бейнеленіп, көрерменге терең ой салды. Бұл көріністе Береке ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлерімен бірге “Асыл қазына” ансамблінің ағалары да сахнаға шығып, тарихи бейнелерді нанымды жеткізді. Олардың шебер қойылымын көрермен қауым ыстық ықыласпен қабылдады.

Көркем сөз үйірмесінің жас қатысушылары Абайдың терең мағыналы қара өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды. Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі А. Семетаева “Мен бір жұмбақ адаммын” әнін орындаса, ауылдық кітапхана меңгерушісі Ж.Қарқынбаева “Татьянаның әнімен” көрерменді қуантты. Сондай-ақ, әншілер С. Мұқатай мен К. Измаханов “Айттым сәлем, Қаламқас” әнін, Е. Нұртаев “Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?” шығармасын, ал Б. Мұқатай “Сегіз аяқ” туындысын шырқап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Кеш барысында Абайдың “Көзімнің қарасы”, “Желсіз түнде жарық ай” секілді жүрек тербетер әндері орындалып, тыңдарманды ерекше толқитты. Әдеби-сазды кеш “Көзімнің қарасы” әнімен қорытындыланып, көрермендер ұлы ойшылдың мәңгілік мұрасынан рухани нәр алып таркасты.

“Абай мұрасы” атты бұл кеш ұлы ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылығын жас буынға үлгі етіп, оның өшпес мұрасын ұрпақ санасына сіңірудің жарқын көрінісі болды.

Зейнеткерлер арасындағы сайыс

Жақында аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Шонжы ауылында ардагер-зейнеткерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша спорттың шахмат түрінен аудандық сайыс өтті.

Сайысқа Тиірмен, Ақтам, Ават, Үлкен Ақсу, Бахар, Шонжы ауылдық округтеріндегі ардагер - зейнеткерлер қатысты. Сайыста шахмат федерациясы Ұйғыр аудандық филиалының бас төрешісі Т.Қадыров төрешілік жасады. Тартысты өткен сайыста 1 –ші орынды Шонжы ауылдық округінен келген А.Сайдуллаев жеңіп алса, үшінші орын О.Гаппаровқа бұйырды. Тиірмен ауылдық округінен келген Я.У.Шурупов 2-ші орынды иеленді. Жұлделі орынға ие болған ардагер - зейнеткерлерді аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтов аудандық филиалдың атынан «Алғыс хатпен» марапаттап, түстік ас ұйымдастырды. Сайыс соңында ардагер - зейнеткерлер аудандық ардагерлер ұйымына алғыстарын айтып, алдағы уақытта да осындай сайыстар ұйымдастырылып, оған қатысатындардың барынша көп болуы бағытында жұмыс жасау керектігін айтты. .

К 180 летию Абая

ФИЛОСОФ В ПОСТАНОВКЕ ТЕАТРА ИМЕНИ АБАЯ

10 августа в нашей стране прошло празднование 180-летия со дня рождения Абая Кунанбаева, выдающегося философа казахской степи, реформатора национальной культуры. Его социально – политические воззрения пронизаны любовью и состраданием к своему народу, призывами выйти из архаичного, отсталого прошлого, от векового кочевничества к оседлому образу жизни, за которым будущее и прогресс. Абай, по большому счету, это морально –этический код казахской нации.

Накануне в Алматы в центральном государственном музее, совместно с казахским национальным театром оперы и балета имени Абая прошел литературно–познавательный и музыкальный вечер «Абай мұрасы – халық ұлағаты» (Наследие Абая – достояние народа).

Перед собравшимися с приветственным словом выступил и.о. ди-

ректора центрального музея Сержан Саров. Он, в частности сказал : «Наследие великого философа, его искреннее стремление культивировать лучшие качества человечества в своем народе –это наше бесценное достояние и его важно беречь, доносить до подрастающего поколения.

Ведущие поочередно объявляли о выступлениях солистов и стражёров



театра казахского театра оперы и балета имени Абая: Күзембаева Талғата, Қанағатова Болат, Саматова Максата, Абитова Бекзата, Ерлановой Мадина, Шыңғыс Нұрғалиұлы, Дүйсекеевой Диляры.

В их исполнении прозвучали произведения следующих композиторов и поэтов: Сыдықа Мұхамеджанова («Қақтаған ақ күмістей», «Өзгеге көңілім тоярысін») «Жарық етпес қара көңілім»); Абая. («Желсіз түнде жарық-ай», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас»); Алиби Абдинурова («Жүректе қайрат болмаса»), Нұрғысы Тілендиева «Абай арманы»).

Можно сказать зрители в течении часа наслаждались прекрасными голосами артистов театра и аплодировали за возможность еще раз прикоснуться к творчеству великого Абая.

Все артисты, а также заслуженный

деятель искусств РК, концертмейстер: - Гулнар Жидилова, режиссер Диана Акимбаева. были награждены благодарственными письмами и памятными подарками от руководства центрального государственного музея.

На литературном вечере также выступили: оперный певец, народный артист Казахстана, лауреат государственной премии, официальный исполнитель гимна Республики Казахстан Талғат Күзембаев, заведущая кафедрой национальной академии искусств имени Т.Жургенова ,доктор PhD, член союза художников Айгерім Тұрсынқызы.

В рамках вечера зрители смогли увидеть выставку художественных работ победителей городского конкурса среди общеобразовательных школ, посвященных просветителю Абаю Кунанбаеву.

Напомним, что президент страны выступил с поздравлением по случаю знаменальной даты.

«Абай –личность мирового значения, великий поэт, внесший неоценимый вклад в развитии культуры и самосознания нашего народа. Будучи основоположником современной казахской литературы, он расширил горизонты нашего мировоззрения. Поэт призывал молодых людей быть образованными, трудолюбивыми и ответственными гражданами. Его идеи и сегодня служат делу формирования нового качества нации, а жизненный путь является образцом любви к Родине и самоотверженного служения обществу», – говорится в обращении нашего президента. Касым Жомарта Токаева .

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
Алматы.



Человек с Большой буквой

ПРОФЕССИОНАЛ СВОЕГО ДЕЛА

Сербенко Владимир Иосифович родился в селе Мураши Новосибирской области. Мать - Мария Алексеевна Щеглова была сельской учительницей. Отец - Иосиф Еремеевич потомственный запорожский казак тоже был учителем. Сербенко Владимир Иосифович в 1930 году окончил школу семилетку в г.Славгороде, потом в Кузбассе учился на врубового машиниста и 3 года работал на шахте. Позднее продолжил школьное образование в г.Клин Московской области и поступил в Московский ордена Ленина Государственный университет имени М.В.Ломоносова на геолого- почвенный факультет. В 1940г. по окончании МГУ получил диплом научного сотрудника геолого- минералогических наук, преподавателя ВУЗов и ВТУЗов, и был направлен на работу в г.Новосибирск в проектно - изыскательный институт железнодорожного транспорта «Сибгипротранс». В составе «Сибгипротранса» проработал 17 лет, с 20 марта 1940г. по 20 декабря 1957г. Был инженером, старшим инженером, начальником партии, главным геологом экспедиций, а затем главным геологом отдела инженерной геологии института. За эти годы работы в «Сибгипротрансе» участвовал в изыскании и проектировании таких железных дорог как: Сталинск - Абакан, Барнаул- Сталинск, Абакан - Тайшет и других проектах.

В годы Великой Отечественной войны Сербенко Владимир Иосифович находился в Западной Белоруссии в составе проектно- восстановительного отдела «Сибгипротранса», участвовал в восстановлении разрушенных дорог. Указом Президиума Верховного Совета СССР был награжден медалями «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» и «За трудовое отличие».В 1954 году было задание Союзного правительства – построить железную дорогу через Казахстан в Сынцзян с выходом на Урумчи и Ланчжоу, позднее названной дорогой «Дружба». Сербенко Владимир Иосифович также вносил свой опыт в изыскании и проектировании в строительстве данной железной дороги. Капитальное строительство дороги «Дружба» было закончено в конце 1957года и сейчас Казахстан имеет прямую связь с Китайской Народной Республикой. В конце 1957 года по семейным обстоятельствам Сербенко Владимир Иосифович перевелся в Алма- Ату, работал «Казгидропроекте» главным специалистом, позже начальником отдела инженерной геологии. Принимал непосредственное участие в изыскании и проектировании всех автомобильных дорог Казахстана. Помимо инженерно-геологических исследований грунтов Сербенко Владимир Иосифович вел разведку месторождений известняков и гравийно - галечных материалов. Было разведано и открыто Чильбастауское месторождение минерального порошка порфитов,

Чернореченское месторождение минерального порошка для асфальтобетона, известняка в Кентау и другие месторождения стройматериалов. В 1970г. по инициативе первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Д.А.Кунаева в Алма-Ате был создан институт по изысканию и проектированию железных дорог «Алма-Атагипротранс». Сербенко Владимир Иосифович был назначен заведующим отдела инженерной геологии этого Института. Под его чутким руководством были проведены многочисленные изыскания для строительства новых железнодорожных линии в Казахстане.

Особое место в жизни Владимира Иосифовича занимает изыскания Байкало - Амурской магистрали, за которое в 1981 году был награжден медалью «За строительство Байкало-Амурской магистрали». Более полувека Сербенко Владимир Иосифович отдал изысканиям железнодорожных линии Сибири, Дальнего Востока, Урала, Средней Азии и Казахстана. Он в совершенстве овладел профессией инженера-геолога, изыскателя и проектировщика дорог. Всегда творчески подходил к исследованию новых дорожных трасс, находил более удобные и лучшие пути для строителей, внедрял в практику новые методы работы. Новые методы работы помогали успешному и качественному завершению работ. Под непосредственным руководством Сербенко Владимира Иосифовича была сформирована инженерно- геологическая служба в институтах

«Каздорпроект» и «Алма-Атагипропроект». В общей сложности под руководством Сербенко Владимира Иосифовича проведено около 2000 тысяч километров инженерно-геологических исследований новых железных дорог. Все дороги построены и благополучно работают.

Владимир Иосифович бескорыстно передавал свой богатый производственный опыт молодым кадрам, которые достойно продолжают начатое дело. Будучи талантливым организатором, энергичным, умелым руководителем, он заботливо и чутко относился к своим коллегам, поэтому пользовался заслуженным авторитетом и особым уважением. За трудовую доблесть, безупречное выполнение работ Почетный дорожник Казахстана Сербенко Владимир Иосифович имеет правительственные награды орден «Знак Почета» и 9 медалей. Сербенко Владимир Иосифович закончивая свое воспоминание о своей жизни и трудовой деятельности написал «....Оглядываюсь на прожитую жизнь: как много пройдено дорог.... Я любил все эти дороги. Работа всегда была мне в радость».

Документы Владимира Иосифовича Сербенко поступили на постоянное хранение в Государственный архив Алматинской области по акту дарения в 2003году. После научно-технической обработки документов, Личному фонду Сербенко В.И. присвоен архивный номер №1249.

Н. ЖУСУПОВ,
архивист

2025 жыл-профилактика жылы

Адам баласының денсаулығы кез келген уақытта сыр берері анық. «Денсаулықтың қадірін ауырған кезде білесің» дегендей, жасымыз келгенде кейде басымыз ағырып, балтырымыз сыздайды. Сондай кезде дәрігерге жүгінеміз. Гиппократ антын қабылдаған, бірнеше жыл оқып, үздіксіз біліммен сусындаған дәрігерлер жанға шипа береді.

АДАМДЫ ЖЫЛЫ СӨЗ ДЕ ЕМДЕЙДІ



Дәрігер болу ең бірінші білімділікті талап етеді. Адам баласына ең керекті нәрсе – жылы сөз. Жаны ауырған адам дәрігерден мейірімділікті керек етіп тұрады. Ауданымызда өзінің жылы сөзімен, асқан шеберлігімен ел құрметіне бөленіп жүрген дәрігерлер көп. Солардың ішінен қолы жеңіл, ісі айқын, «адамды құтқарып қалсам екен» деп іштей тілеу тілеп жүрген ақ халатты абзал жандарға мың алғыс!

Өз еңбектерімен ел құрметіне бөленіп жүрген аудандық аурухананың дәрігері, қызмет істегеніне аз уақыт болса да ел ықыласына бөленіп жүрген Гульвира Шеруламқызы мен сол күндізгі бөлімде күні – түні жұрттың, әсіресе үлкендердің алғысына, батасына ие боп жүрген Наргиза Керимжанқызы, Адыл Абдувалиұлының еселі, бағасы бар еңбегін ерекше атап өткім келеді.

Күндізгі бөлімде көбіне жасы жеткен, кезінде еліне елеулі, жұртына қадірлі үлкен ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар жанына ем, дертіне дауа іздеп, бір ауыз жылы сөзге зәру боп барады. Соларға зыр жүгіріп қызмет етіп жүретіні қызымыз – Наргиза Керимжанқызы. Наргизаның жүзі жарқын, сөзі жұмсақ. Ем алушылардың қызымызға деген алғысы, батасы шексіз.

«Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» деген дана халқымыз. Осы мекемеде көп жыл істеген Наргизаның еңбегі елеусіз қалмаған, марапаттары да баршылық. Қызмет істей жүріп, отбасы рахатына бөленген жан. Өзінің бар болмысы анасы Ләйлілнұрға ұқсас екенін сөз арасында айтып қалды. Наргиза – отбасының қолдаушысы. Жан жары екеуі үш баланы дүниеге әкелген. Ер азаматы сыртта өз ісін дөңгелетіп жүр. Наргиза қайы енесінің жақсылығын, енесінің қайырымды жан екенін айтқан кезде риза боп қалдым. Үш баласының тәртіпті, тәрбиелі, білімді боп өсуіне ықпал еткен Наргиза ұлының алтын медалімен орта мектепті бітіріп жатқанын мақтанышыпен айтты.

Күндізгі бөлімде зыр жүгіріп қызмет етуші Наргиза, Гульвира, Адыл сияқты жұрт ықыласына бөленген жандарға көпшіліктің алғысы шексіз. Істеріне табыс тілеймін.

Рая САРТОЛОВА,
ауданның құрметті азаматы.

«Жасыл ел - 2025»

ЖОБА МАҚСАТЫ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ

Қонаев қаласының Бердібек Соқпақбаев атындағы саябағында «Жасыл ел» жастар жасағының ХХІ маусымы салтанатты түрде ашылды. Он жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жоба жасөспірімдер мен жастарды табиғатты аялауға баулып, оларды еңбекке тарту арқылы экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыруды көздейді.

Шараның ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған облыстық мәслихат депутаты, тұрақты комиссия төрағасы Сұлтан Нұрдәулет жыл сайын жобаның маңызы артып келе жатқанына тоқталды.

– «Жасыл ел» жобасы – ең табысты әрі ауқымды әлеуметтік жобалардың бірі, жастармен жұмыс жүргізудің тиімді құралы. Белсенді, еңбекқор жандар үшін тамаша мүмкіндік. Елімізді көгалдандыру, қоршаған ортаны қорғау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Мұнда жастар табиғат тазалығын сақтауға үлестерін қосып қана

қоймай, жаңа достар тауып, тәжірибе жинайды, табыс табады. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан осындай бағдарламалар жастардың адал еңбек пен табандылық сынды қасиеттерді сіңіруіне негіз болмақ, – деді Сұлтан Нұрғайыпұлы.

Қонаев қаласы әкімінің орынбасары Төлеген Кенжебеков еңбек жолын «Жасыл ел» жобасынан бастағанын, сондықтан бұл шара өзіне әрқашан ыстық екенін жеткізді. «Осы бағдарлама арқылы табиғатты аялау, қоқыс тастамау сынды қарапайым болса да маңызды дүниелер жадында мәңгі

сақталып қалады. Жастар арасында мұндай жобалар жиі өтіп тұрады. Бірақ «Жасыл елдің» орны бөлек. Себебі бұл – қанша уақыттан бері жалғасып келе жатқан, ауқымды, нақты жоба»,–дей келе шара қатысушылары мен ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Мәди Ахметов: «Жасыл ел» жобасы арқасында шалғайдағы ауылдар, елдімекендер мен қалаларда тазалық сақталып, қоғамда экомәдениет қалыптасады. Әсіресе әлеуметтік осал, көпбалалы отбасылардың балалары, NEET санатындағы жастар еңбекақысын алып, жаңа оқу маусымына дайындала алады. Шара қыркүйек айының ортасына дейін жалғасады. Арнайы желілік кесте құрылып, онда қатысушылар мен олардың жұмысы



жайлы нақты ақпарат көрсетіледі. Жоба жасақшылардың өзіне де пайдалы, отбасына да көмек әрі айналымыздың тазалығына сеп болуда. Бұл – тек маусымдық жұмыс емес, сонымен қатар қоғамға пайдалы іс, болашақ ұрпаққа жарқын үлгі» деп жасақшыларға сәттілік тіледі.

«Жасыл ел» бағдарламасы – ел көлемінде өтетін «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасымен үндес. Бұл екеуінің мақсаттары туған жерді көркейту, қоршаған ортаны қорғау, ұрпақ санасына табиғатты аялау құндылығын сіңіру болып табылады. Жоба басталғаннан бері еңбек жасағының қатысушылары облыстық, қалалық, аудандық ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырғанда қазыналы қарттарымыз отбасы құндылықтарын насихаттаумен бірге,

жастарды еңбекке баулу, еліміздің ұлтжанды азаматтары болу төңірегінде ой қозғап, ақыл-кеңестерімен бөлісіп жүр»,–деді жиынның құрметі қонағы, Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Илияс Сүгіров өз пікірін білдіріп.

Шара аясында еңбек жасағының маусымдық жұмысын үйлестіру, экологиялық мәдениетті дамыту және жастарды пайдалы еңбекке тарту бойынша бірқатар мазмұнды кездесулер мен акциялар ұйымдастырылды. Соның бірі «Жасыл ел» сарбаздары Қапшағай су қоймасы жағалауын қоқыстан тазартып, демалушылар арасында қоршаған ортаны ластамау туралы ақпараттық түсіндірме акциясын өткізді.

Өз тілшіміз,
Қонаев қаласы

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Биыл Ұлы Жеңіске-80 жыл. Менің Ахмади атам-Ұлы Отан соғысында жан аямай ерлік көрсеткен батыр бабам. Украина майданында атты әскерде Отанды қорғап,үлкен ерлік көрсеткен батыр.

Атам мен апам-мақтанаштарым



Атам Ахмади Аякөз ауданындағы Айғыз өңірінің Борлы мекенінде дүниеге келген. Ауыл молдасынан мұсылманша хат танып, оқу, білім іздеп,көп оқыған. Ел басына қара бұлт төніп, соғыс басталғанда 1941 жылы әскерге шақырылып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Әскери оқу-жаттығудан өтіп, бірден Украина майданына атты әскер құрамында ұрысқа кіреді. Содан төрт жыл майданда сан мәрте өмір мен өлім арпалысқан қанды қырғындарға жан аямай қатысып, әскери шыңдалу мектебінен өтіп, аман-есен елге оралады.

Ауылға келе сала Ақшатау кеншары №1 Ақкілет ауылында өмірінің соңына дейін Отанға адал қызмет етіп, ауыл шаруашылығының өсуіне үлкен үлес қосады. Халық құрметіне бөленіп, Үкіметтің марапаттарына ие болады. Атам «II дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін» «Абыройлы еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Ұлы Жеңіске-30 жыл» медальдары-атамның зор ерлігінің асқан дәлелі.

Ал апам Жұмағайша-тыл ардагері. Соғыс жылдары Ақшатау жерінде шөп шабу, егін жинау, майданға киім дайындау жұмыстарын атқарды. Апам Отанға адал еңбек еткені үшін «Ұлы Отан соғысы» Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған. Атам мен апамның бойынан адамгершілік қасиеттері ерекше байқалатын. Атам мен апамның ақ дастарханы дәмге толып тұратын. Олардың қайырымдылық, еңбекқорлық қасиеті-болашақ ұрпаққа өнеге. Батыр атам мен апамның ұрпағы болғанымға мақтанамын! Атам мен апамның ерліктері еш ұмытылмайды. Батыр аталарымыз бен апаларымыздың аманаты болған қасиетті Отанды қорғау-біздің азаматтық борышымыз! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын! Көгімізде көк байрағымыз желбірей берсін!

Айна АХМАДИ АТА,
Құйған ықшам ауданындағы №8 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Алатау қаласы.

Естір құлақ болса...

Мақала берушілерге айтарымыз бар

Бұл хатымызды жазбасақ та болатын еді. Алайда, күнде көз көріп жүрген өзгеріссіз дүние болған соң жазбауға тағы болмады. Қолымызға қалам алып, әңгіме төркініне мақала берушілердің назарын бұрсaq дейміз.

Газетіміз аудандық емес, облыстық статусы бар газет болғандықтан облыс көлеміндегі болып жатқан тірлікті жария етіп жатқанымыз анық. Алайда, кейде өзіміз де шатасып, оқырманды да адастырып жататын жағдайлардың болып жататыны анық. Әңгіме неде дейсіз ғой?

Мақала беруші өзі тұрып жатқан өңірдің тыныс-тірлігін газет арқылы облыс тұрғындарына жеткізіп жатуы-қолдауға тұрарлық дүние. Газет редакциясының қызметкерлері оларды қуана қабылдап, мүмкіндігінше газет

бетіне орналастырып жатқаны анық.

Бірақ бізді қинайтын дүние бар. Мақала беруші өзі берген дүниесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, мақаласында болған оқиғаның нақты мекен-жайын көрсетпей жататыны қынжылтады. Бір ауданда бар мекен екінші ауданда да бар екенінде дау жоқ. Біз де, ол мақаланы оқып отырған адам да, бұл қай ауданның ауылы екен деген сұраққа жауап таппай қалатынымыз анық. Мысалы Құйған деген ауыл Іле ауданында да, Балқаш ауданында да бар. Қай ауданның Құйғаны? Оны енді

мақала авторының өзі ғана білмесе біз біле алмадық.Ауданы көрсетілмеген.

Газетіміз облыстық газет аталып отырғандықтан мақала авторы берген дүниесінде ауылын ғана емес, ауданын да көрсетіп, географиялық жағын толық ескеріп, оқырманын адастырмаса екен деген тілек бар. Берген дүниесі қыздың жинаған төсегіндей, ауылы, ауданы нақты әрі толық көрсетілсе дейміз,

Екінші бір көзге оғаш көрінетін дүние бар. Ол-мақала авторының журналистік этиканы сақтамауы. Мақала авторы мүмкіндігінше қарапайым болса екен дейсің. Кейбір авторларымыз мақала соңында өз атын көрсеткенде жазып отырған кейіпкерінен гөрі өзінің барлық лауазымдары мен атақтарын тізіп шығады. Сонда мақаланы жазған адам өз объектісін насихаттап отыр ма, болмаса өз атын көрсетуді мақсат етіп отыр ма деген сауалға тірелгендейміз. Бұл-енді бөлек әңгіменің тақырыбы.

Газетке шолу жасаған
СИҚЫМБЕКТІҢ Алтынбайы.

Бүгүнгі күннің мәселесі

Қанағат қарын тойғызады

Елтай ауылдық округінде «Құдайы аста ысырапқа жол бермеу» тақырыпты жиналыс өтті.

Жиналысқа ауыл имамдары, ақсақалдары мен аналар,тұрғындары қатысты. “Асыл ана” қоғамдық бірлестігі төрайымы жиналыстың барысын түсіндіріп,күн тәртібімен таныстырды.Атап айтқанда, бұл күні марқұм болған жандарға қатысты дәстүрлі рәсімдерді өткізу тәртібі және ас мәзірін ретке келтіру, сол секілді “Мектепке жол” акциясы аясында ауылдың әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету мәселелері қаралды.

Бірінші мәселе бойынша ардагер ұйымының төрағасы Е.Салибеков тақырып бойынша қысқаша құдайы асты өткізу кезіндегі ысырап пен сауап туралы сөз сөйледі. Исaeв ауылының имамы Е.Садыков құдайы ас өткізудің талаптары мен ас мәзірі,тәртібіне қысқаша тоқталып, бұл күндері адамдардың бірімен бірі бақталаса отырып, құдайы асты той дастархана айналдырып бара жатқанын айтты.

Жарыссөзге Жармұханбеттен Мейрамбек ақсақал, Береке ауылына Аман қария, Қаратөбеден Т. Тойбазаров сөз сөйлеп, көпшіліктің

қанағатсыздықтан ысырапқа жол беріп отырғанын қынжыла жеткізді. Осыған байланысты имамдар мен ауыл ақсақалдары, аналары бірауыздан тұрақты жұмыс жүргізіп, құдайы ас берілгенде осы істің басы қасынан табылып, ақыл кенестерін айтып, жұдырықтай жұмыла жұмыс жасайтындары жөнінде шешім шығарды.

Келесі мәселе бойынша көмек қажет ететін отбасы балаларына ауыл депутаты Алия ханым, ауыл әкімі, имамдар демеушілер қарастырып, жетімін жылатпаған қазақ екендіктерін дәлелдеп, анықталған тізім бойынша мұқтаж жандарға көмектесуді қолға алатын болды.

Өз тілшіміз



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

ҚҰРМЕТТІ
ӘБЗЕЛХАН МЫРКАСЫМҚЫЗЫ!



Сізді зейнеткерлік жасқа жетуіңізбен, туған күніңізбен құттықтаймын. Бар саналы ғұмырыңызды рухани орда-кітапхана ісіне арнап, осы саланың ыстық-суығына шыдап, ерінбей еңбек еттіңіз. Оқырмандардың сұранысын дер кезінде қанағаттандырып, олардың көңілінен шыға білдіңіз. Баспасөзге жазылу науқаны кезінде бірқатар басылымдармен қатар «Алатау ардагері» газетіне жазылуды жоғары ұйымшылдықпен өткізе білдіңіз. Сіздің ұзақ жылғы еңбегіңіз өтеусіз қалған жоқ. «Кітапхана ісінің ардагері», «Мәдениет саласының үздігі», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгілері және көптеген алғыс хаттары, құрмет грамоталардың иесі атауыңыздың өзі-сіздің зейнетті еңбегіңіздің дәлелі. Еңбек ете жүріп, ұлыңызды ұяға, қызыңызды қияға қондырып, оншақты немерелердің бақытты әжесі болдыңыз. Бұл да болса кез-келген адамға бұйыра бермейтін бақыт.

Туған күніңізбен, зейнет жасыңызбен құттықтай отырып, сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңыздың амандығын тілеймін.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы.

Армандастар, құрдастар

ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІНЕН ТУҒАН ҰЙЫМ

«Жастар – елдің ертеңі» деген сөздің салмағын сезінетіндер көп емес. Бірақ осы сенімді ақтауға бел бұған бір топ жас Алматы облысында 2023 жылы бірегей бастама көтеріп, Алматы облысында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанынан ел ішіндегі ерекше ұйым – «Алатау жастарын» құрды. Бұл – жай ғана жастар бірлестігі емес. Бұл – ардагерлер мен жас буын арасындағы алтын көпір. Мен бұл ұйымның алғашқы мүшелерінің бірі ретінде, оның қалай дүниеге келгенін өз көзіммен көрдім, жүрегіммен сезіндім.

Жас та болса, бас болып жүрген Нұрсұлтан Жұмабайұлы Орынбасаров ауыл жастарымен ой бөлісіп отырып, «Ардагерлер мен жастар арасындағы байланысты неге жүйелі форматқа түсірмеске?» деген идея тасталған еді. Осы ойдан нақты іске айналған ұйым пайда болды. Жобаның өмірге келуіне «Ардагерлер ұйымы» облыстық филиалының төрағасы Ерболат Сапарұлының ықпалы зор болды. Ол кісі жастарға үнемі қолдау білдіретін, жол ашатын жан.. Бұл жолы да «Баланың бетін қақпа, белін бу. Жастарға жол беру – тарихты тірілту, болашақты бекемдеу» деп, батасын берген.

Нұрсұлтан Жұмабайұлы ұйым құрылысымен тоқтап қалмады. Алматы облысының түкпір-түкпірін аралап, белсенді, ел болашағына бей-жай қарамайтын жастарды жинады. Әр аудан-

нан, әр ауылдан сен тұр, мен атайын дейтін жас буын өкілдері бір арнаға тоғысты. Бұл ұйым нағыз идеялық алаңға айналды.

«Алатау жастары» кездесулер мен қозғалыстардың, тәжірибе мен шабыттың ордасы болды. Ардагерлермен жүздесулер, әскери бөлімдердегі сапарлар, пікірталас клубтары, республикалық деңгейдегі кәсіпкерлер мен спортшылардың шеберлік сабақтары... Мұның бәрі жастар үшін үлкен серпіліс, ерекше мотивация көзіне айналды. Әр кездесуден кейін мен де «енді не істейміз?» емес, «тағы не істей аламыз?» деген ой туатын.

Мен сол сәтте бір мекеменің бас маманы ретінде қызмет етумен қатар «Алатау жастары» ұйымының баспасөз хатшысы болып та тағайындалдым. Бұл мен үшін үлкен сенім, әрі жауапкершілік еді. Сенім білдірген Ерболат

Сапарұлы мен Нұрсұлтан Жұмабайұлына алғысым шексіз.

Бүгінде, арада екі жылдай уақыт өтті. Қазір Іле ауданы әкімінің баспасөз хатшысы қызметін атқарып жүрмін. Бірақ мен үшін «Алатау жастары» — жай бір ұйым емес, өмірімнің бетбұрыс нүктесі. Осы орта маған үлкен тәжірибе берді, қанат қақты. Жастар мен ардагерлер арасындағы алтын көпір — дәл осы ұйым.

Бүгінде еліміздің әр аймағында дәл осындай жобалар қажет-ақ. Өйткені елді ел ететін – ұрпақтар сабақтастығы. Ал оны сақтап қалу бүгінгі біздің қолымызда.

«Алатау жастары» бұл тек ұйым емес. Бұл — идея. Бұл — ұрпақтың үн қатысу алаңы. Бұл болашақтың бастамасы. Жастарға сенген ел ешқашан ұтылмайды. Ардагерін қадірлеген қоғам мәңгі жасайды. Бұл ұйым мені тұлғалық әрі кәсіби тұрғыда өсірді. Ардагер мен жастың арасында шынайы байланыс орнатуға болатынын көрсетті.

«Алатау жастары» – бұл бір ұйымнан әлдеқайда кең ұғым. Бұл – сана қозғалысы. Бұл – замана мен дәуір сабақтастығы. Бұл – ұрпақтар үндестігі.

Дана ҰЗАҚБАЙ.
Іле ауданы.

Халықаралық турнир

БАЛАЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

Алматы облысында «AMANAT» партиясының бастамасымен алғаш рет «AMANAT JIU-JITSU KIDS CUP 2025» халықаралық балалар турнирі өтті.

Байрақты бәсекеге Қазақстанның барлық өңірлерінен келген спортшылармен қатар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Украинадан келген жас джиу-джитсушілер қатысты. Жалпы саны 200-ден астам балуандар татамиде бақ сынады.

Турнир жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық бәсекелестікті арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында өткізілді. Жарысқа халықаралық санаттағы кәсіби төрешілер шақырылған.

Турнирді өткізу туралы бастаманы алғаш рет биыл ақпан айында джиу-джитсудан қара белбеу иегері, Сағадат батыр атындағы спорт клубының негізін қалаушы Нұрсұлтан Орынбасаров «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановпен өткен кездесуде көтерген болатын. Сол сәтте балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында арнайы турнир ұйымдастыру қажеттігі айтылған.

Жарыс қорытындысы бойынша әр салмақ және жас санатында үздік шыққан спортшылар кубокпен, медальдармен және дипломдармен марапатталды.

Айта кету керек, турнир Алматы облысы Ардагерлер ұйымы, Алатау жастары бірлестігі, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы спорт клубының ұйымдастыруымен және Қазақстан джиу-джитсу қауымдастығы, Алматы облыстық джиу-джитсу федерациясы, Алматы облыстық полиция департаменті жанындағы есірткіге қарсы күрес кеңесінің қолдауымен өтті.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, «AMANAT JIU-JITSU KIDS CUP» жарысы алдағы жылдары дәстүрлі форматта жалғасын табады.

Өз тілшімізден.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Алдын ала және кезекті профилактикалық медициналық қарап - тексеруден өту тәртібі

Медициналық қарап-тексеру ауруларды, оның ішінде кәсіптік ауруларды, улануларды, жазатайым оқиғаларды анықтауға және олардың таралуының алдын алуға, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін және денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған уақтылы медициналық зерттеп-қарауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Медициналық қарап-тексерулердің түрлері: міндетті және профилактикалық болып бөлінеді.

1. Міндетті медициналық қарап-тексерулер алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) болып бөлінеді.

2. Профилактикалық медициналық қарап-тексерулер балалар арасында жүргізіледі және кейіннен динамикалық байқау және сауықтыру арқылы аурулардың пайда болуының алдын алуға және оларды ерте диагностикалауға бағытталған медициналық және өзге де іс-шаралар кешенін қамтиды.

Мерзімдік тексеріп-қарауларды өткізу кезеңділігі:

- 1) жыл сайынғы мерзімдік қарап-тексеру – жылына 1 рет;
- 2) ауысым алдындағы медициналық куәландыру – жұмыс ауысымы басталардан 1 сағат ішінде;
- 3) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеру – рейс басталардан 30 минут ішінде және рейс аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде.

Міндетті алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерулерді мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдар жүргізеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының көрсетілген құжаттар топтамасын ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

Медициналық қарап-тексеру кабинетінің мейіркесі құжаттар топтамасын тексереді, көрсетілетін қызметті алушыны медициналық қарап-тексеруден өту үшін мамандарға жібереді.

Бейінді мамандар көрсетілетін қызметті алушының денсаулық жағдайына медициналық қарап-тексеру жүргізеді және денсаулық жағдайының нәтижелері туралы қорытынды шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету дәрежесі туралы деректерді заңға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Медициналық тексеріс құқықтық тұрғыдан да міндетті болып табылады, бұл анықтамасыз оқуға да, жұмысқа да қабылдамайды, тіпті қандай да бір елге баруға да тыйым салуы мүмкін. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде демекші, сауықтыру – ең дұрыс ем.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ Ардагері Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ	БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310 ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек Тел.: 8 705 965 3661 Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. «Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек. Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.	Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген. Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В. МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400 Тапсырыс №1767 Индексі – 65472.
---	---	--	---